


ӘСКЕРДЕН ҚАШПАУДЫҢ АМАЛЫ

6-БЕТ | САРАПТАМА



КИНО КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ МЕ?

7-БЕТ | РУХАНИЯТ



ӘЛЕМ КӨЗ ТІККЕН КУБОК

8-БЕТ | СПОРТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Қазіргі кезде еліміздің жоғары оқу орындарында 31 мыңнан астам шетел студенті білім алады. Бұл – қазіргі сәтте Қазақстан үшін рекордтық көрсеткіш. 2029 жылға қарай аталған межені 100 мыңға дейін жеткізу көзделіп отыр. Ол үшін виза режимі оңтайландырылып, шетелдіктердің алаңсыз білім алуына барынша қолайлы жағдай жасалады. Үздік түлектердің Қазақстанда тұрақтап қалуына мүмкіндік беретін жұмыспен қамту бағдарламасы іске қосылады.

№129
(4873)
Сенбі
1 қараша
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



«Наурыз» тұрғын үй бағдарламасы бойынша өтініш қабылдау 3 қарашадан 1 желтоқсанға дейін жүргізіледі.

Бағдарламаға «Отбасы банкінің» салымшылары, сондай-ақ депозитінде кемінде 2 млн теңге жинағы бар және соңғы 5 жыл ішінде тұрғын үйі болмаған азаматтар қатыса алады. Өтініш беру онлайн форматта жүзеге асырылады. Қатысушылар Baspana Market платформасындағы жеке кабинеті арқылы өтініш беріп, нәтижесін сол жерде бақылай алады. Несие сомасының ең жоғары мөлшері өңірлер үшін – 30 млн теңге, ал Астана мен Алматы қалалары үшін 36 млн теңге көлемінде белгіленген.



Астанада 25 адам «Жеке гид» атты оқыту курсын тәмамдады. Енді елордада Грузия мен Ресейдегідей, жеке көлігі бар кәсіби тур-көшбасшылар қызмет көрсетеді.

Олар қала қонақтарына шопинг-турлар, шай рәсімдері, музейлерге саяхат және өзге де жеке бағыттағы экскурсиялар ұйымдастырады.

Бұл қызметтің нәтижесінде әр турист Астанадан өзіне тән мәдени ерекшелікті таба алады. Жобаның мақсаты – елордадағы туристік сервистің сапасын арттырып, қонақтарға кәсіби деңгейде қызмет көрсететін мамандар даярлау. Оқыту курсын «Astana Tourism» туризмді дамыту орталығы ұйымдастырды.



ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА – ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙ

Астанада ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіруге айрықша көңіл бөлінеді. Бұл бағыттағы ілкімді істердің негізгі мақсаты – әр баланың қарым-қабілетін ашу, жан-жақты дамыту. Өйткені инклюзия дегеніміз – баршаға тең мүмкіндіктер, индивидті құрметтеу, әркімнің талантына сеніммен қарау. Бұл саланың қызметі қала басшылығы мен Қоғамдық кеңестің жіті бақылауында болуының өзі – сындарлы саясаттың өзегі.

Астанада судың төлеміне бірыңғай тариф енгізілді. Бұрын суды пайдалану көлеміне қатысты есептелетін еді. Мысалы, алғашқы 3 текше метрге 105,71 теңге, 3 текше метрден көбірек шығын болғанда 126,85 теңге төленді.

Суды көп пайдалансаң, оның ақысы да қымбаттай беретін. Қазан айынан бастап бұл тәсіл өзгерді. Бұдан былай суды қанша қолдансақ та, бірыңғай тарифпен есептеледі. Мысалы, 1 текше метр суға – 89.34 теңге, су бұруға – 95,37 теңге. 1 қарашадан бастап суға ақы төлеудің жаңа тәсілі қолданылады. Бұрынғыдай есептегіш құралдардың көрсеткіші алынады. Ондай құрал жоқ болса, әкімдік бекіткен су тұтыну нормасы қолданылады.



ВЕЛОМАУСЫМ АЯҚТАЛДЫ

31 қазанда елордада велосипедті жалға берудің маусымы ресми түрде аяқталды. Велосипедті жалға алғандардың теңгеріміндегі қаражаты келесі маусымға ауыстырылады.

Алайда абоненттік төлем сақталмайды. Егер де өз қаражатыңызды қайтарып алғыңыз келсе, 1 қарашадан бастап қарекет жасаңыз. Ол үшін Рақымжан Қошқарбаев көшесіндегі 50/1 үйде орналасқан CTS компаниясының Орталық кассасына барып, өтініш жазыңыз.

№129 (4873) 01/11/2025 Сенбі



БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ – ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТЕТІН КҮШ

Мемлекет басшысы «Қазақстан – академиялық білім аймағы» стратегиялық серіктестер форумында сөз сөйледі. Президент білім және ғылымды ешқандай шекара талғамайтын, барлық елге ортақ стратегиялық маңызы айрықша сала ретінде атап, бүгінгі форум соның айқын дәлелі екеніне назар аударды.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

ҚАРАЖАТ ҮШ ЕСЕГЕ ҰЛҒАЙДЫ

«Бұл – шын мәнінде өте маңызды жиын, жаһандық білім мен ғылымның дамуы туралы аса құнды ой-пікірлер айтылатын, болжамдар жасалатын бірегей алаң. Осыған орай кешеден бері әлемдегі жетекші жоғары оқу орындарының басшылары және өкілдері Астанада бас қосып, пікір алмасып жатыр. Халықаралық деңгейдегі ғалымдар мен сарапшылар елордамызда маңызды мәселелерді талқылауда. Бүгін де академиялық білім әлеміндегі беделді жоғары оқу орындарының жетекшілері терең мағыналы ойларын ортаға салды. Баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, білім мен ғылым – әлемді өзгерте алатын ең басты күш, ал университет – озық ойлар мен жаңа идеялардың ордасы, ғылыми ізденіс ортасы. «Қазір адамзат түбегейлі өзгерістер дәуіріне қадам басқан кезде білім ордалары заман талабына сай озық болуға тиіс. Онсыз ешқандай даму да, өркендеу де болмайтыны анық. Қазақстан білім-ғылым жүйесін дамытуға айрықша мән беріп отыр. 2019 жылдан бері осы салаға бөлінетін қаржы үш есе ұлғайды. Елімізде жоғары оқу орындарының дербестігі артып келеді, зерттеу университеттері көбеюде. «Ғылым және технологиялық саясат туралы» жаңа заң қабылданды. Президент жанынан Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңес құрылды. Мемлекет ғалымдарға, әсіресе, жас зерттеушілерге барынша қолдау көрсетуде. Жоғары білімнің барша азаматқа бірдей қолжетімді болуы – өте маңызды міндет» деді Мемлекет басшысы.

МЕМЛЕКЕТТІҢ ШЫНАЙЫ ҚАМҚОРЛЫҒЫ

Президент өскелең ұрпаққа мемлекет тарапынан жасалып жатқан қамқорлыққа тоқталды. «Елімізде 2024 жылдан бастап «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр. Соған сәйкес Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызы балалардың есепшотына салынады, яғни Қазақстандағы әр бала 18 жасқа дейін Ұлттық қордан қаржы алып тұрады. Аталған қаражатты мерзімінен бұрын қолдануға болмайды. Балалар кәмелет жасқа толғаннан кейін жинақталған қаржыны баспана немесе білім алуға жұмсай алады. Сонымен қатар бес жастан асқан балаларға арналған «Келешек» бірыңғай жинақтау жүйесі іске қосылды. Бұл жүйеде ата-аналардың ерікті салымы, мемлекет тарапынан бөлінетін бастапқы білім беру капиталы, жыл сайынғы мемлекеттік сыйақы және инвестициялық табыс жинақталады. Жобалардың негізгі мақсаты – бір, бұл – жас ұрпақтың сапалы білім алуына жағдай жасау. Бұдан бөлек, жастарға пайызсыз білім несиелері және түрлі гранттар берілуде. Жоғары білім беру саласының инфрақұрылымы жаңғыртылып жатыр, жаңа оқу ғимараттары (кампустар) бой көтеруде. Аймақтарда жоғары оқу орындарының жанынан студенттерге арналған жатақханалар салынуда» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА ҚАДАМ

Мемлекет басшысы еліміздегі жоғары оқу орындарының беделді халықаралық рейтингтердегі көрсеткіші жақсарып келе жатқанын айтты. «QS халықаралық рейтинг агенттігінің президенті Нунцио Квакварелли мырза өз баяндамасында бұл мәселеге кеңінен тоқталды, Қазақстан университеттерінің қарқынды дамып келе жатқанын ерекше атап өтті. Біз ортақ мақсат жолында күш біріктіріп, әріптестігімізді нығайта түсуге мүдделіміз, бірлесіп жұмыс істеуге қашанда дайынбыз. Сондай-ақ еліміздің 5 университеті Times Higher Education басылымы ұсынған әлемдегі үздік оқу орындарының тізіміне қосылды. Бұл да біз үшін зор жетістік» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев білім-ғылым саласына салынған инвестиция Қазақстанның жарқын болашағына қарай жасалған қадам екенін, алдымызда экономиканы жаңғырту, жаңа өндіріс секторларын қалыптастыру, жасанды интеллект технологияларын барлық салаға енгізу және Қазақстанды толыққанды цифрлық мемлекет ретінде дамыту мақсаттары тұрғанын жеткізді. «Қазақстан технологиясы озық ел болуға нық қадам басты. Бұл – біздің жаңа ұлттық болмысымыздың аса маңызды бөлігі деп айтсақ, қате болмайды. Бүгін спикерлер жасанды интеллектінің жаһандық ортақ прогресті өрге сүйрейтін жаңа қозғаушы күш ретіндегі рөліне баса мән берді. Шын мәнінде, осы бірегей технологияның арқасында адамзат алға қарай қарышты қадам жасай алады. 2030 жылға қарай ЖИ әлемдік ІЖӨ көлемін 15 триллион доллардан аса ұлғайтады деп болжанып отыр. Бірақ жасанды интеллектінің дамуынан ең көп пайданы қай ел көреді? Бұл – өте қызықты сауал. Оны терең зерделеп, сараптау қажет. Жауабы аса қиын көрінбегенімен, бұл мәселе адамзат келешегімен тікелей байланысты екенін мойындауымыз керек. Қазақстанда жасанды интеллектіні дамыту және басқа салалармен жанжақты интеграциялау ең жоғары стратегиялық басымдық саналады. ЖИ сарапшылары мен мамандарын даярлау ісіне айрықша мән беріп отырмыз. Осы мақсатта жыл басынан бері AI Sana бағдарламасын іске қостық. 540 мыңнан астам студент оқу курсынан өтті. Бұдан бөлек, жасанды интеллект барлық мектеп пен университетке міндетті курс ретінде енгізілді. Елімізде Жасанды интеллект университетін ашу үшін дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр» деді Президент.

Осы орайда Мемлекет басшысы қыркүйек айында АҚШ-қа жасаған сапары кезінде OpenAI компаниясымен маңызды уағдаластыққа қол жеткізілгенін еске салды. «Нәтижесінде Қазақстан ChatGPT негізінде білім беру құралдарын енгізу жөніндегі пилоттық жобаны жүзеге асыра бастады. Аталған бастамалар арқылы отандық білім беру саласында жасанды интеллект әлеуетіне сүйене отырып, кешенді цифрлық трансформация жасалып жатыр» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЖОҒАРЫ БІЛІМДІ ЭКСПОРТТАУҒА МҮМКІНДІК

Президент Орталық Азия елдеріндегі және біздің аймақпен көршілес бірқатар мемлекеттегі демографиялық көрсеткіштің артуы жоғары білімді экспорттауға және шетел студенттерін елімізге тартуға елеулі мүмкіндік береді деп санайды. «Қазақстан жаһандық білім нарығының бір бөлігіне айналуды көздеп отыр. Сондықтан алдымызға күрделі, алайда аса маңызды мақсат қойдық. Оған жету үшін әлемнің 40 жетекші университетімен серіктестік орнатылып, елімізде шетелдік жоғары оқу орындарының 33 филиалы ашылды. Көптеген филиалда оқу ағылшын, орыс, қытай тілдерінде жүргізіледі. Бұл – аса маңызды. Өйткені білім беру саласындағы көптілділік адамдардың немесе университеттердің, тіпті, тұтас мемлекеттердің ашықтығы мен бәсеке қабілеттілігінің негізін қалайды. Келешекте де солай болмақ. Оған еш күмән жоқ. Сондықтан әлемдік академиялық кеңістікке шығуға саналы түрде маңызды қадам жасадық. Бұған қоса барлық филиалда қазақ тілі мен Қазақстан тарихы міндетті пән ретінде оқытылады. Бұл шетелдік студенттердің мәдениетіміз бен менталитетімізді терең түсінуіне көмектеседі» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, қазіргі кезде еліміздің жоғары оқу орындарында 31 мыңнан астам шетел студенті білім алады. Бұл – қазіргі сәтте Қазақстан үшін рекордтық көрсеткіш. 2029 жылға қарай аталған межені 100 мыңға дейін жеткізу көзделіп отыр. Ол үшін виза режимі оңтайландырылып, шетелдіктердің алаңсыз білім алуына барынша қолайлы жағдай жасалады. Үздік түлектердің Қазақстанда тұрақтап қалуына мүмкіндік беретін жұмыспен қамту бағдарламасы іске қосылады. «Шетел университеттерінің филиалын ашу инженерлік және IT білімді дамыту мақсатымызға толық сай келеді. Қазақстанда қолданбалы инженерияның бірегей институты саналатын үш Лу Бань шеберханасы ашылды. Бұл Қытай үкіметінің бастамасы екені баршаңызға мәлім. Пэн Дуань мырза баяндамасында қытай мамандарының елімізге ерекше назар аударып отырғанын әрі Қазақстандағы адам әлеуетінің жоғары екенін атап өтті. Біз үшін ядролық энергетика саласына маман даярлау да ерекше мәнге ие. МИФИ ректоры Владимир Игоревич Шевченко осы маңызды іске белсенді атсалысуға ниет білдірді. Сізбен бірге жұмыс істейміз. Міндетіміз – білім мен ғылымды экономиканың нақты секторымен тікелей байланыстыру. Бұл бағытта сәтті мысалдар бар. Ербол Маратұлы Исақаев баяндағандай, Қозыбаев университеті мен Аризона университетінің серіктестігі нәтижесінде күкіртті инновациялық полимерге айналдыратын озық технология әзірленді. Бұл – өте қажет жоба. Себебі елімізде күкірттің қоры мол. Аталған жоба химия өнеркәсібінің дамуына тың серпін береді, ең бастысы, экологиялық түйткілдердің шешілуіне түрткі болады» деді Мемлекет басшысы.

БИЗНЕСТІҢ ҮЛЕСІ ҰЛҒАЙЫП КЕЛЕДІ

Президент еліміздегі жоғары білім мен университеттегі ғылыми ізденістерге бизнес те белсенді үлес қоса бастағанын мәлімдеді. «Мәселен, компанияларымыздың бірі Тараз қаласында Менделеев атындағы Ресей химия-технология университетінің филиалын ашуға қаржы бөлді. Тағы бір компания шетелдік жоғары оқу орнымен серіктестік аясында тау-кен саласына маманданған университет ашпақ. Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты (МГИМО) Астана филиалының қызметіне зор үміт артамыз. Танымал жоғары оқу орнына арнап бөлек ғимарат салынады. Соңғы жылдары Қазақстанның ірі бизнес өкілдері жоғары білім мен ғылымға көбірек қолдау көрсете бастады. Зерттеушілер мен өндіріс ошақтарының ықпалдастық жүйесі қалыптасып келеді. Жетекші жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарда технологиялық трансфер кеңселерін құру осы бағыттағы перспективті қадам болар еді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, Қазақстан өз университеттерін алдағы уақытта да жан-жақты дамытады. «Мықты университеттер – келешектің фабрикасы. Бұл жерде идеялар туып, кедергілер еңсеріледі. Әділ әрі үйлесімді әлемнің алғышарттары қалыптасады. Жоғары оқу орындары халықтар арасындағы сенім мен ынтымақты күшейтіп, дипломатия құндылықтарын дәріптейді. Университет қабырғасында қалыптасатын студенттер бауырластығы, зерттеушілер қоғамдастығы және академиялық серіктестік тек ғылым-білім саласында емес, экономика мен қоғамдық өмірдегі, тіпті саясаттағы өзгерістерге қозғау салады. Ұлтымыздың біртуар перзенті, әйгілі академик Қаныш Сәтбаевтың «Ғалым барлық өмірін халық үшін, адамзат үшін сарп етеді» деген сөзі бар. Шын мәнінде, ғылымның ең басты миссиясы – адамзат игілігіне қызмет ету. Ғылым әлеміндегі жетістіктер барша елдің әлеуетін арттыра түсуі керек деп санаймын. Себебі ғылым-білім – бөліскен сайын молая түсетін әрі шексіз мүмкіндіктерге жол ашатын қуатты құрал. Бұл саладағы ықпалдастық Қазақстандағы білім-ғылым жүйесінің өрісін кеңейтіп, академиялық дипломатияны өркендетуге зор ықпал етеді деп сенемін» деді Мемлекет басшысы.

Президент елімізде дарынды, қабілетті, ойы ұшқыр азаматтар өте көп екеніне тоқталып, халқымыздың жасампаздық рухына сенетінін жеткізді. «Бәріміз бір ел болып қолға алған реформалар – жұртымыздың жарқын болашағына апаратын даңғыл жол. Сондықтан біз алдағы уақытта да білім мен ғылымға арқа сүйеп, Әділетті, Таза, Қауіпсіз және Күшті Қазақстанды құру ісін жалғастыра береміз. Осы маңызды миссияны орындауға стратегиялық серіктестеріміз, білім және ғылым ордалары ерекше үлес қосып жатқанын атап өткім келеді. Себебі Сіздер еліміздің басты байлығы – азаматтарымыздың ғылыми көкжиегін кеңейтуге, олардың әлеуетін арттыруға іс жүзінде атсалысып жатсыздар» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Форумға шетелдік серіктес оқу орындарының басшылары, халықаралық аккредиттеу және рейтинг агенттіктерінің, дипломатиялық корпустың өкілдері қатысты.

№129 (4873) 01/11/2025 Сенбі





ӨРКЕНДІ ӨҢІРДЕГІ ҚАРҚЫНДЫ ІСТЕР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылорда облысына жұмыс сапарымен барды. Президент өңірдегі бірқатар өндіріс орындарын, инфрақұрылым және әлеуметтік нысандарды аралап көрді.

Мемлекет басшысының өңірге жұмыс сапары «Қорқыт ата» халықаралық әуежайының жаңа терминалымен танысудан басталды. Президентке әуежай қызметі, ішкі және халықаралық әуе рейстеріне қызмет көрсету процесі жөнінде баяндалды. Мемлекет басшысына жолаушыларды тіркеу және тексеру аймақтары, шекаралық-кедендік бақылау пункттері, күту залы, сондай-ақ автоматтандырылған жүк беру жүйесі көрсетілді. Жаңа терминал былтыр қараша айында ашылған. Жобаға 16,6 миллиард теңге көлемінде жеке инвестиция салынды. Жергілікті бюджеттен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын жүргізуге 4,3 миллиард теңге бөлінді.

Әуежайдың өткізу қабілеті жылына 300 мыңнан 500 мың жолаушыға дейін ұлғайды. Нысан Халықаралық азаматтық авиация комитеті (ICAO) мен Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) жоғары стандарттарына сәйкес келеді. «Қорқыт ата» әуежайынан Air Astana, FlyArystan және Qazaq Air әуе компаниялары аптасына 29 рейс орындайды. Қазіргі кезде терминал жанынан «Қазаэронавигация» РМК жаңа диспетчерлік мұнара мен әкімшілік-техникалық ғимараттың құрылысын жүргізіп жатыр. Жобаның іске асуы Сыр өңірінің көлік инфрақұрылымын дамытып қана қоймай, туристік әлеуеті мен инвестициялық тартымдылығын да арттыруға оң септігін тигізеді.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Мемлекет басшысына Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру барысы, «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстар, сондай-ақ облыс орталығы мен елді мекендерді абаттандыру жөнінде мәлімет берілді. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев соңғы 4 жылда өңір экономикасына тартылған инвестиция көлемі 233 пайызға артқанын баяндады. Биыл 720 миллиард теңгеден астам қаржы тарту жоспарланған. Оның ішінде жеке инвестицияның үлесі 70 пайызды құрайды.

Экономиканы әртараптандыру мақсатында алдағы үш жылда аймақта құны 2 триллион теңгеге жуықтайтын 90 инвестициялық жоба жүзеге асырылады. Бұл 11 мыңнан аса жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Биыл жалпы құны 302 миллиард 500 миллион теңге болатын 27 нысанды іске қосу жоспарланған. Бүгінде оның тоғызы пайдалануға берілді. Мемлекет басшысы облыстың қарқынды дамып келе жатқанын айтып, атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді. Сонымен қатар Президентке Қызылордада облысының инвестициялық жобалары таныстырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Orient Ceramic KZO компаниясының қыш тақта өндіретін зауыты, Fabe Agro жылыжай кешені, With You қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдейтін кәсіпорны, Seven Rivers Technologies компаниясының шыны ыдыстар өндірісі және басқа да жобалар жөнінде баяндалды. Президентке шыны кластерін дамыту және бу-газ қондырғысы, тау-кен байыту фабрикасы, кальцийлендірілген сода өндіру зауыты, тауарлы сүт фермасы жобаларын іске асыру жоспары жайында айтылды.



Мемлекет басшысы алға қойған жоспарларды уақтылы және сапалы іске асырудың маңызын атап өтті. Сондай-ақ облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевқа инвестициялық климатты жақсарту және бизнес жүргізу үшін қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстарды жалғастыруды тапсырды.

ОБЛЫС ЖҰРТШЫЛЫҒЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылорда облысына жұмыс сапары барысында өңір жұртшылығымен кездесіп, әңгімелесті. Президент аймақтың қарқынды дамып келе жатқанына тоқталып, алдағы уақытта да ауқымды жұмыс атқарылатынын айтты. Сондай-ақ бірқатар мәселе бойынша пікірімен бөлісті.

«Дүние жүзіндегі ахуал баршаңызға жақсы мәлім. Әлемдегі жағдай бұлыңғыр, құбылмалы. Сондықтан, ең алдымен, жастарға көңіл аудару қажет. Жастарымыз – дарынды, қабілетті. Оларға дұрыс бағдар көрсетіп, жақсы тәрбие, тәлім беру маңызды. Қазіргі заманда есірткі, нашақорлық секілді сын-қатерлер аз емес. Жастардың болашағы – білімде. Ойы ұшқыр, көкірегі ояу, көзі ашық жастар – біздің келешегіміз. Бәріміз бір ұлт болып, ел үшін, халық үшін жұмыс істеуіміз керек» деді Президент.

Мемлекет басшысы елімізді өркендету жолында қолға алынған бастамалар жөнінде әңгімеледі. «Таза Қазақстан» акциясы кең ауқымда жүргізілуде. «Таза» деген – жақсы сөз. Ең алдымен, арымыз, ниетіміз таза болуы керек. Жалпы Қазақстан таза болуы қажет. Бұл – болмысымызға әсер ететін үлкен іс. Екінші, цифрлық мемлекет құру. Заманауи, озық елге айналуымыз керек. Әйтпесе дамыған елдер көшінен қалып қоямыз. Сондықтан цифрландыруды, жасанды интеллектіні міндетті түрде дамыту қажет. Қазақстанда Орталық Азиядағы алғашқы суперкомпьютер іске қосылды. Бұдан бөлек, атом стансаларын салуымыз керек. Қазір бірінші стансаның құрылысы басталды. Таяу арада екінші АЭС жобасын қолға аламыз» деді Мемлекет басшысы.

Президент өңір үшін су тапшылығы өте өзекті мәселе екенін жеткізді. «Су тапшылығына баса назар аударамыз. Келешекте де су мол болады дей алмаймыз. Оған дайын болуымыз керек. Су үнемдеудің жоғары технологиясын қолданғанымыз жөн. Мемлекет субсидия беріп жатыр. Биыл ауыл шаруашылығына 1 триллион берді. Бұл – үлкен мүмкіндік» деді Мемлекет басшысы. Қасым-Жомарт Тоқаев мәдениет, өнер саласына мән беретініне тоқталды. Астана мен Алматы қалаларында тәулік бойы қызмет көрсететін екі бірдей Президенттік кітапхана салынып жатқанын жеткізді. Болашақта осы секілді үшінші кітапхана Қызылорда қаласында ашылуы мүмкін екенін айтты.

Мемлекет басшысы одан кейін «Қызылорда-нан» цехына, жаңа жылу электр орталығына, Қызылорда қаласындағы орталық стадионға, Қызылорда облысының тарихи-өлкетану музейіне, Үстел теннисі орталығына барды.

КӨШ БАСЫНДА – АСТАНА

Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты халыққа Жолдауында берілген экономикаға инвестиция тарту жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыру мәселелері бойынша кеңес өткізді. Онда министрліктер мен әкімдіктердің өңірлердегі инвестиция көлемін және инвестициялық жобаларды іске қосу қарқынын үдете түсу жұмыстарының тиімділігін арттыруға назар аударылды.

Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысының 2029 жылға дейін ел экономикасына $150 млрд шетелдік инвестиция тарту туралы қойған міндетіне назар аударды. ҰЭМ деректері бойынша биылғы 9 айда негізгі капиталға салынған инвестицияның (НКИ) жалпы көлемі 13,8 трлн теңгені құраған, бұл 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13,5%-ға артық. Ең үлкен өсім энергетика, өндеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы және көлік салаларында тіркелді. Қаражаттың негізгі көлемі жылжымайтын мүлік, көлік және тау-кен саласына құйылған. Өңірлер арасында Астана қаласы, Түркістан облысы негізгі капиталға инвестиция тарту бойынша жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізуде көш бастап тұр. Ал Қарағанды, Атырау, Ұлытау, Абай, тағы басқа да облыстар белгіленген межеден артта қалып отыр. 2025 жылғы қазандағы жағдай бойынша Бірыңғай ұлттық пулдың шеңберінде елімізде 185 инвестициялық жоба жүзеге асырылған, жыл соңына дейін тағы 268-ін (2024 жылы – 230 инвестициялық жоба) іске қосу жоспарлануда.

Жалпы тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ) көлемі $10,1 млрд-ты құрады. Өңдеу өнеркәсібі, қаржы секторы, көлік, байланыс және энергетика салаларына қаражат белсенді тартылуда. Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Түркістан облыстары, сондай-ақ Астана қаласы ТШИ бойынша мақсатты көрсеткішке қол жеткізуде көш бастаса, оның қатарында Павлодар, Қарағанды, Атырау, Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан және Абай облыстары бар. Премьер-министр НКИ тарту жөніндегі жылдық жоспар 52,7%-ға орындалғанын, ал ТШИ бойынша бұл жартысынан аз екенін атап өтті. Олжас Бектенов қарқынның бәсеңдеуі көбінесе мемлекеттік органдар тарапынан жобаларды жүзеге асыру мерзімдерін кешіктіру, басы артық бюрократиялық рәсімдер түріндегі кемшіліктермен байланысты екенін баса айтты.

Жиын барысында инвесторларды сүйемелдеу жүйесінің тиімділігін арттыру шаралары да қаралды. Ірі инвестициялық жобаларды уақтылы іске қосу үшін инфрақұрылым салу мәселелеріне көңіл бөлінді. Сондай-ақ инвесторлар құқықтарын қорғау мәселелері талқыланды. Инвестициялық штаб пен ҚР Бас прокуратурасының бірлескен жұмысы аясында жергілікті жерлерде әкімшілік кедергілер жедел жойылуда. Тізілімге енгізілген инвесторларға қатысты «прокурорлық сүзгіні» енгізу 380 заңсыз тексеру мен 450 әкімшілік өндірістің және екі 200-ге жуық шектеу шарасының жолын кесуге мүмкіндік берді. Ел экономикасына қосқан үлесі шамамен 19 трлн теңгені құрайтын 1800 инвесторға көмек көрсетілді. Кеңес қорытындысы бойынша Премьер-министр мемлекеттік органдар басшылары мен әкімдерге инвестиция тарту, инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасау жұмыстарын жандандыруды, сондай-ақ жобалардың жүзеге асырылуын қадағалауды күшейтуді тапсырды.



№129 (4873) 01/11/2025 Сенбі

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛДІ





Астана қаласының мәслихатында бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның отырысы өтіп, онда абаттандыруға, көгалдандыруға, санитарлық тазалауға бағытталған бюджет қаражатын тиімді пайдалану мәселелері талқыланды. Отырыс барысында аудан әкімдерінің «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының іске асырылуы туралы есептері тыңдалды.

Алматы ауданында ағымдағы жылы тұрғындардан 21 өтінім мақұлданды. Аула аумақтарын балалар ойын алаңдарымен абаттандыру жұмыстары аяқталды. Б.Момышұлы даңғылында, Қ.Сәтбаев көшесінде тұрғын үй кешені құрылысының орнына скверді абаттандыру басталды, Манас көшесіндегі саябақ кеңістігі, І.Жансүгіров көшесінде аудан тұрғындарының өтініші бойынша жаңа тротуарлар мен аялдама павильоны құрылды.

Байқоңыр ауданында бағдарлама аясында 11 жоба іске асып, 52,3 мың м² асфальт және 10,1 мың м² тас төсеу жұмыстары жүргізілді. Аудан әкімі халық шағымдарының саны 47%-ға төмендегенін атап өтті.

Есіл ауданының әкімі шағын және орта бизнес нысандарына айтарлықтай қолдау көрсетілетінін жеткізсе, Нұра ауданында әкімдіктің қолдауымен Тұран даңғылынан Ш.Айтматов көшесіне дейін Green Line жасыл орамы құрылуда. Орталық саябақта абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Аудан әкімі әлеуметтік нысандар қосымша қаржыландыруды қажет ететінін атап өтті. Жаңа мектептердің басым бөлігі (9) Нұра ауданында орналасқан.

Сарайшық ауданында Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру шеңберінде «Жұмысшы мамандықтары аллеясын» абаттандыру аяқталды. Елорданың көрнекті нысандарының: Бейбітшілік және келісім сарайы, «Әзірет Сұлтан» мешіті, Тәуелсіздік сарайы және Ұлттық музей аумағы абаттандырылды. Ш.Қалдаяқов көшесінде бұрын тұрғын үй кешенінің құрылысы жоспарланған жерде құрылған жаңа сквердің құрылысы аяқталуға жақын.

Сарыарқа ауданында ауданның тарихи бөлігін қайта жаңарту аясында Ә.Мәмбетов көшесі (Арбат), Кенесары хан ескерткіші, филармония маңындағы алаң, Бұхарбай батыр көшесі (Ә.Мәмбетовтен М.Әуезовке дейін), демалыс променады, «Керей-Жәнібек хандар» сквері, Абай даңғылы, Т.Бигелдинов көшелері сияқты орындарда жұмыс жүргізілді.

Отырысты қорытындылай келе, тұрақты комиссия төрағасы Кендебай Адамбек 2023 жылы тексеру комиссиясының аудиті өткенін, одан кейін тағы екі аудан құрылғанын, жаңа адамдар жұмыс істеп жатқанын айтты. Ол аудан әкімдеріне аудан аумағын абаттандыру жөніндегі қызметке түзетулер енгізу үшін өткен аудиттің нәтижелерін талдауды ұсынды.

ЖЕҢІМПАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ

AI-Sana Ceremony-да жасанды интеллекттен студенттердің үздік жобалары анықталды.



Жиында жеңімпаздар «Білім берудегі үздік ЖИ жобасы – академиялық адалдық», «Энергетика саласындағы үздік ЖИ жобасы», «Саладағы үздік шешім», «AI – Sana Leader», «Денсаулық сақтау саласындағы үздік ЖИ жобасы», «Мәдениет саласындағы үздік ЖИ жобасы», «Өнеркәсіптегі үздік ЖИ жобасы», «Қоғам игілігі үшін: жылдың әлеуметтік бастамасы», «Биомедицина саласындағы үздік ЖИ жобасы», «Мансаптық траекторияларды құруға арналған ЖИ», «Инклюзивті ЖИ технологиялары» номинациялары бойынша анықталды.

«Студенттердің жобалары оқу саласынан медицинаға дейін қамтылды. Жаңа идеялар мен жаңа шешімдер келешекке ерекше ықпал етеді. Осы жылдың ішінде-ақ студенттердің жобалары цифрлық форумдар мен кездеулерден бастап Парламент отырысына, сондай-ақ Президентпен кездесулерге дейін таныстырылып жүр» деді ҚР Президентінің көмекшісі Қуанышбек Есекеев.

Форум барысында қатысушыларға арнаған бейнеқұттықтауында Стэнфорд университетінің профессоры, Дүниежүзілік банк жанындағы халықаралық сараптамалық кеңестің төрағасы Пол Ким Қазақстанның цифрландыру саласында қол жеткізген нәтижелерін жоғары бағалады. Ол сондай-ақ Ғылым және жоғары білім министрлігімен өзара ынтымақтастықты тереңдетуге дайын екенін жеткізді. Пол Кимнің айтуынша, алдағы 6 жылда жүзеге асатын AI-Sana жобасы жасанды интеллект пен кәсіпкерлік дағдылары бойынша жүздеген мың студентке білім беруге мүмкіндік ашады.

ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

Елордада қала жолдарын салу және жөндеу бойынша ауқымды жұмыс жалғасуда.

Қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының мәліметінше, биыл 1 қарашада А62 көшесінде Астана – Қарағанды тасжолынан А91 көшесіне дейінгі учаскеде жұмысты аяқтау жоспарланып отыр. 5 қарашада Қ.Мұхамедханов көшесінің жаңа учаскесінде – Ш.Айтматов көшесінен Қорғалжын тасжолына дейін көлік қозғалысын ашу көзделуде. Сондай-ақ биыл Күйші Дина көшесінің құрылысы М.Жұмабаев көшесінен Абылай хан даңғылына дейін аяқталды. Т.Рысқұлов көшесінде Мәңгілік ел даңғылынан Нұра арнасына дейінгі учаскеде қозғалыс ашылды. Жоба аясында веложолақтары бар тротуарлар, бағдаршамдар және заманауи көше жарықтандыру жүйесі қарастырылған. Ш.Қалдаяқов көшесінде Тәуелсіздік даңғылынан Арыс көпіріне дейінгі учаскеде жол төсемін жөндеу жұмысы жүргізілді. ЕК-32 көшесінде Төле би көшесінен «Хан Шатыр» сауда орталығына дейінгі учаскеде қозғалыс қамтамасыз етілді. Ә.Бектұров көшесін Тұран даңғылына шығару жобасы аясында Ә.Бектұров көшесі мен Тұран даңғылы қиылысында бағдаршам орнатылды. Көше жарықтандырылды, жол таңбалары сызылды, іргелес аумақ абаттандырылды. Бұқар жырау көшесін жаңарту жұмысы әл-Фараби даңғылынан Жошы хан көшесіне дейінгі учаскеде белсенді жүріп жатыр. Әйтеке би көшесінде Сығанақ көшесінен Қ.Мұхамедханов көшесіне дейінгі учаскеде қозғалыс ашылды. Жоба бойынша жұмыс жалғасуда, уақытша белгілер орнатылған. Биыл желтоқсан айының соңына дейін бағдаршам объектілерін орнату жоспарланып отыр. Барлық жұмыс жобалық құжаттамаға сәйкес жүргізілуде.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН АСТАНА ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы №211 «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, Астана қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары **2025 жылғы 6 қараша сағат 14:30-да** қалалық мәслихаттың мәжіліс залында (Бейбітшілік көшесі, 11, 220-кабинет) «Астана қаласының кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру туралы» тақырыбына көпшілік тыңдау өткізеді.

Анықтама алу үшін телефон: 55-66-36.

Т. ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

ЗОРЛЫҚСЫЗ ҚОҒАМҒА ҚАДАМ

«Жанұя» отбасын қолдау орталығында «Заң және тәртіп» атты нарративтік форматтағы семинар-тренинг ұйымдастырылды. Іс-шарада отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық пен кәмелетке толмағандар арасындағы буллингтің алдын алу, өзара сыйластық пен зорлықсыз қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселесі көтерілді.



Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

Жиында заң саласының білікті мамандары мен психологтар, әлеуметтік қызметкерлер және елордамыздың әр ауданынан келген отбасылар бас қосты. Олар өз тәжірибесімен бөлісіп, нақты мысалдар арқылы зорлық-зомбылықтың алдын алудың тетіктерін талқылады. Спикерлер мазмұнды баяндамалар жасап, қатысушылар назарына бейнероликтер ұсынды. Ал «Көрінбейтін зорлық-зомбылық» атты кинотерапия жаттығулары көпшіліктің зердесіне ой салып, мәселенің психологиялық астарына үңілуге мүмкіндік берді.

Семинардың нарративтік форматы – әңгіменің, мысалдың, өмірлік тәжірибенің күші арқылы санаға әсер ету. Яғни бұл жерде тек заң тілімен емес, адамның жүрегіне жол табу маңызды болды. Сол себепті іс-шарада құрғақ статистика емес, шынайы тағдырлар, өмірден алынған оқиғалар, психологиялық тұрғыдан түсіндірілген себептермен шешім жолдары айтылды. Қатысушылар интерактивті талқылауларға белсенді қатысып, өзара пікір алмасты. Бірі ата-ана, бірі ұстаз, енді бірі әлеуметтік қызметкер ретінде ойын ортаға салды.

«Көпшілік зомбылықты ұрып-соғу, бір-біріне күн көрсетпеу ғана деп ойлайды. Ол да дұрыс. Бірақ «көзге көрінбейтін» зорлықты ешкім атай бермейді. Психологиялық қысымның салдарынан өз-өзіне қол жұмсау фактілері артатынын жақсы білеміз. Отбасылық жағдайда салғырттық танытпай, адам өміріне жауапкершілікпен қарасақ қана қоғамдағы дертті жеңе аламыз» дейді «Жанұя» отбасын қолдау орталығы психологиялық көмек көрсету бөлімінің басшысы Нағима Бексұлтанова.

Сонымен қатар отбасы құндылықтарын дәріптейтін буклеттер мен пайдалы материалдар таратылды. Бұл – әрбір қатысушы өз ортасына, отбасына, жұмысына оралып, алған білімін басқаларға жеткізсін деген ниеттен туындаған игі бастама.

Мергембаев Айдос Хасеинұлының №037467 қызметтік құжатының жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА – ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙ

Астана қаласының Қоғамдық кеңесінің мүшелері елорданың арнайы оқу орындарының қызметіне мониторинг жүргізді. Сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды қолдау іс-шараларымен танысты.





Бірінші олар 2017 жылы пайдалануға берілген Астана қаласы әкімдігінің №1 арнайы мектеп-интернатына барды. Мекемедегі оқу-тәрбие процесі ақыл-есі дамымаған балаларға арналған мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес ұйымдастырылған. Сабақтар бекітілген оқу жоспары мен тәрбиеленушілердің ерекшеліктеріне бейімделген бағдарламалар негізінде өткізіледі. Бұл мектепте 600-ге жуық бала оқиды, олардың 90-ы үйде білім алады. Мұнда тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар бар, көп балалар арбамен қозғалады.

– Арнайы сыныптардағы оқу-тәрбие процесі қолжетімді білім мен дағдыны қалыптастыруға, әлеуметтік бейімделуге, оқушыларды қоғамдағы тәуелсіз өмірге және еңбек қызметіне дайындауға бағытталған. Кестеге сәйкес топтық сабақтардан кейін барлық балалармен психолог, логопед, дефектолог, тифлопедагог, массаж терапевті, еңбек және жаттығу терапевті, қосымша білім беру мұғалімдері сияқты мамандар айналысады. Біздің педагогтар өздерінің кәсіби біліктілігін үнемі арттырып отырады, сондай-ақ қалалық және республикалық семинарларға, конференцияларға қатысады. Барлық білім алушылар мектепте ұзартылған режимде оқиды. Төрт рет тамақ беріледі. Қалада арнайы бағыттар бойынша балаларды тасымалдау қызметі бар, – деді мектеп директоры Ұлан Қуаныш.

Мектепте спорт залы, футбол, баскетбол және волейбол алаңдары, қысқы бақ, оқу залы бар кітапхана, акт залы, «керамика дело» кабинеті, сондай-ақ робототехника, СТЭМ зертханасы, еңбек және тігін шеберханалары, Монтессори бөлмесі, сенсорлық түсіру, қозғалыс белсенділігі кабинеті сияқты қосымша білім беру кабинеттері жұмыс істейді. Тұзды шахта, бассейн және медициналық блок, мектептегі оқушыларды кешенді қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Үйде оқитын балаларды түзету үшін ресурстық орталық бар. Болашақта балалардың осы санатын жеке психофизиологиялық дамытуды ескере отырып, қосымша білім беру секцияларына қатыстыру жоспарлануда. Жеке оқу бағдарламасын іске асыру уақыты өткеннен кейін әрбір оқушының жетістіктеріне талдау жүргізіледі және келесі жартыжылдық жұмысы жоспарланады. Сабақ кестесіне сәйкес балалар мамандармен түзету-дамыту және жеке сабақтарға, емдеу-сауықтыру рәсімдеріне қатысады. Жыл сайын жазғы демалыс кезінде жазғы мектеп жанындағы лагерь жұмысы ұйымдастырылады.

Екінші нысан Шыңғыс Айтматов көшесі, 41А мекенжайында орналасқан №3 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация болды. 18 жасқа дейінгі балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау үшін сауалнама жүргізетін білім беру ұйымында дамуында ауытқулары, оқуда қиындықтары бар, ақыл-ойы бұзылған балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау жұмыстары жүргізіледі. Балаға диагноз қойылғаннан кейін мұғалімдер ұсыныстар мен түзету бағдарламаларын әзірлейді. Мұндай кабинеттердегі балалармен психологтар, дефектологтар, логопедтер, балаларға мектеп ішіндегі оқу дағдыларын, бейімделу мен әлеуметтік дағдыларды жақсартуға көмектесетін мамандар жұмыс істейді.

Мониторингтің келесі екі нысаны – №2 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті және №5 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті болды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен олардың отбасыларына кешенді психологиялық-педагогикалық көмек көрсететін арнайы білім беру ұйымында дефектологтар, психологтар, логопедтер, тифло және сурдопедагогтар түзету -дамыту бағдарламаларын жүргізеді. Түзету кабинеттеріндегі қызметтер тегін ұсынылады және баланың дамуын жақсартуға және дұрыс әлеуметтенуіне бағытталған. Мекеме мектептер мен мұғалімдерге ерекшеліктері бар балаларды оқытуды ұйымдастыруға көмек көрсетеді. Медициналық қызметтермен және психикалық денсаулық орталықтарымен өзара жұмысты үйлестіреді.

№5 ППТК басшысы Гүлжанар Ахаева кабинеттің биыл 1 сәуірден бастап жұмыс істей бастағанын, мекеме жылына 200-ден 300-ге дейін бала қабылдай алатынын айтты. Мұнда 20 жоғары білікті арнайы педагог жұмыс істейді. Кабинеттің жалпы ауданы – 625 шаршы метр, оның аумағында 10 мамандандырылған кабинет орналасқан. Олардың барлығы заманауи әдістемелік және дидактикалық материалдармен жабдықталған.

– Түзету кабинетінің ерекшелігі – сенсорлық интеграция, АВА-терапия элементтері және Floor time әдістемесі сияқты түзету көмегінің заманауи әдістерін қолдану. Мекеме сенсорлық интеграция бағдарламаларын жүзеге асыруға арналған жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Бүгінде кабинетте жұмыстың бірінші циклі аяқталды, оның шеңберінде 70-ке жуық бала емделіп шықты. Қазіргі уақытта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды командалық бағалау жұмыстары жүргізілуде, – деп атап өтті кабинет басшысы.



Василий КРАСЬ

Астана қалалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыевтің айтуынша, негізгі проблема – профильді мамандардың жетіспеушілігі, яғни логопедтер, дефектологтар, сурдопедагогтар, тифлопедагогтар және басқалар жетіспейді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың саны жыл сайын артып келеді және ол өсе беретіні анық. Бүгінде елордада 5 түзету кабинеті жұмыс істейді. 2027 жылы тағы бір осындай кабинет ашу жоспарланған.

Қоғамдық кеңестің мүшесі Назгүл Мақжан Астанада аталған бағытта жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанын жеткізді.

– Инклюзияны қолдаудың жаңа кабинеттері ашылуда, мектептер мен колледждердің материалдық-техникалық базасы нығайтылуда, мамандар мен педагог-ассистенттердің біліктілігі арттырылуда. Алайда назар аударуды қажет ететін мәселелер де бар – түзету қызметтерін алу кезегі, салалық мамандардың жетіспеушілігі, сондай-ақ ерекше балаларға кәсіптік білім беру үшін нормативтік базаны жаңарту қажеттілігі. Негізгі мақсат – балаларды толық әлеуметтендіру және әр баланың әлеуетін ашу. Инклюзия – тең мүмкіндіктер, даралықты құрметтеу және әркімнің қабілетіне деген сенім. Қоғамдық кеңестің мүшелері және азаматтық қоғамның өкілдері ретінде осы мәселелерді бақылауда ұстауды жалғастырамыз, әрбір бала өзін қажетті, сүйікті және табысты сезінетін жағдай жасауға бағытталған бастамалар мен шешімдерді қолдаймыз, – деді Назгүл Мақжан.

Құралай МҰРАТОВА

БЕЛСЕНДІ ЖАСТАР – ЕЛ ТІРЕГІ

Елордада жастардың бастамаларын қолдау, олардың әлеуетін ашу және азаматтық ұстанымын қалыптастыру бағытында мемлекеттік жастар саясаты жүйелі әрі жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Бұл ретте Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы жыл басынан бері білім беру, жұмыспен қамту, волонтерлік қозғалыс, патриоттық тәрбие және салауатты өмір салтын насихаттау сынды негізгі бағыттарды қамтитын бірқатар ауқымды жобаларды іске асырды. Бұл туралы басқарма басшысы Самат Ибраев қалалық Коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында мәлім етті.

Басқарма басшысының айтуынша, бүгінде Астанада 481 мыңнан астам жастар тұрады. Биыл елордада 4 жаңа жоғары оқу орны ашылды, олар: Cardiff University филиалы, МГИМО филиалы, Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетінің филиалы, Сәтбаев атындағы ұлттық техникалық университеттің филиалы.

– Қаладағы 20 жоғары оқу орнында 115 мың студент білім алады. Олардың жайлы тұруы үшін 25 мың орынға арналған 70 жатақхана жұмыс істейді. Жастарды жұмыспен қамту – негізгі басым бағыттардың бірі. Қалада «Жастар тәжірибесі», «Қоғамдық жұмыстар» және «Алғашқы жұмыс орны» жобалары тұрақты түрде жүзеге асырылуда. Ұлттық статистика бюросының дерегінше, 2025 жылы NEET санатындағы жастардың үлесі 6,2% немесе 28 мың адамды құрайды. Жастардың еңбек белсенділігін арттыру мақсатында 35 бос жұмыс орны жәрмеңкесі өткізілген. Жазғы маусымда «Жасыл ел» жобасы бойынша 5200 жас жұмыспен қамтылды, – деді Самат Ибраев.



Сонымен қатар «JOLTAP» жобасы аясында жастар SMM, таргетинг, графикалық дизайн сияқты 7 цифрлық бағыт пен тігінші, бариста, бухгалтер секілді 11 жұмысшы мамандығын меңгеруде.Басқарма басшысы 2025 жылдың соңына дейін 5300 адам жұмысшы мамандығы бойынша, 2700 адам цифрлық бағыттар бойынша оқытылады деп жоспарланып отырғанын жеткізді.

Сондай-ақ экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуде. «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында еріктілердің, студенттердің және қала тұрғындарының қатысуымен ауқымды жұмыс жүргізілді. Жалпы есеп 100 мыңнан астам адамды құрады.

«Заң және тәртіп» жобасы аясында есірткі жарнамасына қатысты жазуларды бояу бойынша тұрақты рейдтер және танымал блогерлермен бірге спорттық жаттығулар өткізіліп келеді. «ESIRTKISIZ ELORDA» жобасы аясында тренингтер, спорттық турнирлер, подкасттар, шығармашылық байқаулар және имитациялық сот процестері ұйымдастырылады.

Интернет кеңістігінде есірткі заттарының заңсыз сатылымына мониторинг жүргізіліп, әлеуметтік желілер мен маркетплейстерде 12 мыңнан астам парақша тексерілді.

– Волонтерлік қозғалыс – жастар саясатының негізгі бағытының бірі. Елордада 50 волонтерлік ұйымды біріктіретін фронт-офис жұмыс істейді, олардың 30-ы белсенді түрде қызмет атқарып отыр. Жалпы волонтерлер саны – шамамен 6000 адам. Жыл сайын олар халықаралық, республикалық және қалалық деңгейдегі 150-ден астам іс-шараға қатысады. Патриоттық тәрбие бағытында «Жас сарбаз» жобасы жүзеге асуда. Оның аясында ерлік сабақтары, ардагерлермен кездесулер, фильм көрсетілімдері және патриоттық әндер байқаулары өткізіледі, – деді басқарма басшысы.

Қазіргі таңда 63 мектепте және 14 колледжде «Жас сарбаз» сыныптары мен клубтары ашылып, 3000-нан астам жас тәрбиеленуде. Елордада 30 жастар ұйымы белсенді жұмыс атқарып, әлеуметтік жауапты және бастамашыл жастарды біріктіруде. Бұл жобалар жастардың қоғамдық белсенділігін арттырып, олардың қоғам өміріне қатысуын кеңейтіп, өзін-өзі дамыту мүмкіндіктерін көбейтуде.

Жастар саясатының маңызды бағыты – отбасы институтын нығайту. «Отбасы – бақыт мекені» жобасы аясында жас отбасыларға арналған шеберлік сағаттары, спорттық эстафеталар, байқаулар және тренингтер өткізіледі.

№129 (4873) 01/11/2025 Сенбі

Шапағат ӘБДІР



ӘСКЕРДЕН ҚАШПАУДЫҢ АМАЛЫ ҚАНДАЙ?

Негізі, әскердің санын айту – ол құпия. Бірақ жалпылама түрде ашық ақпарат көздері мен кейбір әлемдік ақпарат құралдарының материалына сәйкес, елде 300 мың әскери қызметкер бар деп болжанады. Ал Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығы бойынша 2025 жылы 42098 азаматты әскери қызметке шақыру туралы шешім қабылданған еді. Кейбір ақпарат көздерінде соңғы 3 жылда Қазақстанда 270 әскери қызметкер қайтыс болған, ал соңғы 4 жылда әскерде 86 суицид тіркелген, 20 адам өз-өзіне қол салуға оқталғаны айтылады. Биыл жазда да Алматы облысы мен Астанада, Маңғыстаудағы әскери бөлімшелерде 3 сарбаз қаза болды. Алайда Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «Қазақстанда әскерге шақырылғандар арасындағы өлімнің 90 пайыздан астамы әскери борышын орындаумен байланысты емес» деп мәлімдеген болатын.

ЕР БОЛСАҢ, ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТ

Әскер болу, еліңнің сардары мен сарбазы атану – екінің біріне бұйыра бермейтін бақ. Бұл – нағыз азаматқа берілетін үлкен сынақ әрі мәртебе. «Адам баласының тағдыры ана құрсағында-ақ жазылады» дейді ғой, демек ұл болып дүниеге келу елге қорған болу миссиясының бастауы іспетті. Алайда соңғы жылдары жастардың әскерге деген қызығушылығы бұрынғыдай емес. Бірі заманның тыныштығына сеніп, «қажеті не?» деп ойласа, енді бірі әлеуметтік желілерде тараған әлімжеттік пен төтенше жағдайларды алға тартып, әскери борышын өтеуден бас тартуға бейім. Кейде ата-аналар да баласын қорқыныштан қорғағысы келіп, әскери өмірге жібермей қояды. Бірақ шын мәнінде, ел қорғау әр азаматтың парызы, ер-азаматтың нағыз мектебі екенін ұмытпаған жөн. Біз осы мәселе төңірегінде ой қозғап, әскерде болып келген жастардың пікірін білуді жөн көрдік. Солардың бірі – әскери борышын абыроймен өтеп, бүгінде Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті атанған Жанәділ Әділ. Ол өз тәжірибесімен бөлісті:

«Әскери қызмет – жастарға берілетін үлкен мүмкіндік. Ол – тек ерлік мектебі ғана емес, өмір мектебі. Мен Мемлекеттік күзет қызметінің IT полкінде борышымды өтедім. Сол тәжірибе маған тәртіпті, мәдениетті болуды, қиындыққа мойымауды үйретті. Әскерде адам өзгереді – ойы пісіп, мінезі қалыптасады. Спортқа, қозғалысқа, шыдамдылыққа баулиды. Әсіресе, дене шынықтыру арқылы өзімнің физикалық және рухани тұрғыдан өскенімді сезіндім. Ең бастысы, әскер маған адамдармен қарым-қатынас жасауды, ортада өз орныңды табуды үйретті» дейді ол.

Жанәділдің айтуынша, әскердегі күндер – тек қатаң тәртіп емес, бауырластықтың, сыйластықтың үлгісі.

«Ондағы жігіттер – барлығы өзіміз сияқты қарапайым қазақтың балалары. Бірбірімізді аға-інідей сыйлап, қиындықта қолдау көрсеттік. Әскерде жүргенде ел қорғаудың, туды құрметтеудің не екенін шынайы түсінесің. Сол кезде ғана «Отан», «ел», «борыш» деген сөздердің шын мағынасын сезінесің» дейді жас сарбаз.

Расымен, әскер – ер жігіттің өміріндегі ерекше белес. Мұнда адамның мінезін шыңдап, бойына төзім, сабыр, жауапкершілік сынды қасиеттерді сіңіреді. Тәртіпке баулиды, азаматтық ұстанымды бекітеді.

Қазіргі бейбіт заманда ел тыныштығын сақтау да оңай шаруа емес. Әскер – мемлекеттің айбыны, елдің намысы. Сондықтан әр ата-ана ұлын қорқынышпен емес, мақтанышпен шығарып салуға тиіс.

ЕЛ АЛДЫНДАҒЫ БОРЫШ

– Ұл туып, оны елдің қорғаны етіп тәрбиелеу – әр ананың арманы әрі мақтанышы. Ер бала дүниеге келген сәттен бастап оның бойында елге қызмет етуге деген намыс, ерлік пен жауапкершілік дәні себілуі керек деп ойлаймын. Сондықтан мен баламның ер жеткенін, азамат болғанын көргім келді. Сол себепті еш ойланбастан әскерге шығарып салдым. Бірақ ананың жүрегі әрдайым баласымен бірге. Әскерге барған ұлдың өмірі, қауіпсіздігі, психологиялық жағдайы – бәрі біз үшін өте маңызды. Менің тілегім – әскерге барған әрбір жас жігіт жақсы ниетпен, мақсаты айқын күйде борышын өтеп, елге аман-есен оралса екен.

Әскер – мінезді қалыптастыратын, азаматтық қасиетті ұштайтын орта. Бірақ өкінішке қарай, кейде әлімжеттік пен тәртіпсіздік туралы жағымсыз жағдайларды естіп жатамыз. Ана ретінде айтарым: әскер – ерлік мектебі, ал ерлік ешқашан қорлықпен ұштаспауы керек. Ондағы тәртіп қатал болуы мүмкін, бірақ сол тәртіп қауіпсіздік пен тәрбиеге бағытталуы тиіс.

Балаларымыз Отан қорғауға емес, қорлық көруге бара жатса, онда аналардың сенімі жоғалады. Сол себепті әскери бөлімдерде қатаң тәртіп пен қатар, адамгершілік мәдениеті де қатар жүруі қажет. Әр сарбаз өзін қорған сезінуі тиіс. Сонда ғана олар елін де, бір-бірін де қорғауға дайын болады.

Мен баламды әскерге мақтанышпен шығарып салдым. Өйткені мен оның ел алдында парызын өтеп, нағыз азамат болып оралатынына сендім. Бірақ әрбір ана сияқты мен де оның амандығын тілеймін. Әскерге барған баланың өмірі – мемлекеттің, қоғамның аманаты. Сондықтан мемлекет те, әскери басшылық та сарбаздың тағдырына жауапты болуы керек.

Екінші жағынан, біз әскерилердің қоғамдағы беделін көтеруге тиіспіз. Ер-азаматтың погон тағып, ел тыныштығы үшін қызмет етуі – үлкен мәртебе. Егер осы мамандыққа деген құрмет артса, жастардың өзі әскерге баруға, сол салада қызмет етуге ұмтылады, – дейді сарбаздың анасы Айтолқын Әзімқұлова.

ӘСКЕР – СОҒЫС ЕМЕС, ЕРЛІК МЕКТЕБІ

Ал соғыс заманында туып, дүниенің ұйқысы бұзылып тұрған шақта кірпік қақпай ел күзеткен ардагерлеріміздің ойынша, әскерге бару – соғысқа бару емес, ерлік мектебі.

– Біздің заманда әскерге бару, ең алдымен, елді қорғау деген ұғыммен ұштасатын. Өйткені ол кезең бейбіт емес, күрделі уақыт еді. Сондықтан ел қорғау біздің буынның басты міндеті болатын. Қаншама қиындық көрдік, бірақ ешқайсысына мойымадық. Себебі бойымызда Отанға деген адалдық, елге деген сүйіспеншілік сезімі мықты болды.

Қазір, Аллаға шүкір, бейбіт заман. Бірақ соның салдарынан халықтың бойында бір жайбарақаттық пайда болған сияқты. Кейбір ата-аналар баласын әскерге жібергісі келмейді. Өйткені бүгінгі өмірдің тыныштығы мәңгілік секілді көрінеді. Олар қауіпсіздік деген ұғым қандай еңбектің, қандай ерліктің арқасында келгенін кейде ескере бермейді. Сондай-ақ бұрын 40 жасқа келген ер-азамат шынымен де есейіп, жауапкершілікті мойнына алып, отбасы мен қоғам алдында салмақты тұлға болатын. Ал бүгінде адамдардың көбі жастықты ұзартып, өз жасына лайық жауапкершіліктен қашып жүргендей. 40-тағы адам өзін әлі 20 жастағыдай сезінеді, ал 20 жастағы жігіт әлі бала кейпінен арыла алмай жүр. Бұл – қоғамдағы үлкен өзгеріс.

Жауапкершіліктен қашқан адам қиындыққа төзе алмайды. Ал әскер – дәл сол төзімді, сабырды, мінезді қалыптастыратын орта. Әскерге бару соғысқа бару емес. Оны соғысқа кетіп бара жатқандай қабылдаудың қажеті жоқ. Қазіргі заманның әскері барлық жағдаймен қамтылған, тәртіп пен талап жүйелі түрде қойылған. Онда әрбір ер жігіттің ерік-жігері, рухы шыңдалады. Сондықтан менің ойымша, ата-аналар баласын қорқынышпен емес, сеніммен шығарып салуы керек. Әскерге бару – баланың ер жетуіне, өмірге деген көзқарасының қалыптасуына үлкен мектеп. Ол – тек мемлекет алдындағы парыз емес, өз болашағы үшін жасайтын ең маңызды қадам.

Қазақта «Ер жігіт ел үшін туады» деген сөз бар. Сол ерлік рухты ояту – бүгінгі қоғамның, бүгінгі ата-ананың міндеті. Баласын әскерге жібермеу оны өмір мектебінен айырумен тең. Ал ер-азамат Отан ісінен ешқашан қашпауы керек, – дейді Қазақстан Чернобыль ардагерлері қауымдастығының төрағасы Құсайын Мұстафа.

ПАТРИОТИЗМ БЕСІКТЕН БАСТАЛАДЫ

Балаларға әскери тәрбие беріп жүрген оқытушылар олардың әскерге деген қызығушылығын бесікте жатқан кезінен бастау керек екенін айтады.

– Патриотизмнің бастауы – отбасы. Ол баланың бесікте жатқан кезінен, ата-ананың берген тәрбиесінен басталады. Егер бала жастайынан елін, жерін, отбасын құрметтеуге үйренсе, ол ертең өз Отанын қорғауға дайын азамат болып өседі. Сондықтан патриоттық тәрбиені тек әскерге жүктеп қоюға болмайды. Балабақшадан бастап мектепке дейін, үйде де, қоғамда да ұлттық рухты оятатын идеологиялық жүйе болуы керек. «Мен елімнің қорғанымын» деген сенім бала бойына ерте сіңсе ғана ол нағыз ер-азамат болып қалыптасады, – дейді Астана IT университетінің әскери оқытушысы, запастағы бірінші сынып сержанты Рауан Кәрібаев.

МІНЕЗІН ШЫҢДАЙДЫ

Бұрын аналарымыз әкелеріміздің ерлігіне сүйсініп, сол батыр мінезге ғашық болып жататын. Ер-азаматтың еңселі бейнесі, батылдығы мен жауапкершілігі әйел заты үшін нағыз сүйіспеншіліктің себебі еді. Ол кезде ердің ерлігі елге қорған болу, отбасын қорғау, сөзі мен ісі бір болу арқылы көрінетін. Ал бүгінгі заманның жастары ше? Қазіргі қыздардың жігітке қарағандағы көзқарасы өзгерді ме, әлде бұрынғыдай ер мінезді, елін сүйген азаматтарды бағалай ма?

– Менің ойымша, нағыз ер-азамат – ол әскерде болып, өз борышын өтеп келген жігіт. Өйткені әскер – адамның мінезін шыңдайтын, өмірге деген көзқарасын қалыптастыратын үлкен мектеп. Жігіттердің нәзік, әлсіз болғанын қаламаймын. Әрине, дөрекілік те ерлік емес, бірақ әр ер балада жауапкершілік пен қайсарлық болуы керек.

Жігіттің ерлігі міндетті түрде қару асынып, ұрысқа қатысумен өлшенбейді. Ол, ең алдымен, өз отбасына, еліне, ата-анасына деген құрметінде, өз сөзі мен ісіне берік болуында. Егер жігіт ел алдындағы борышын орындауға дайын болса, ол – нағыз азамат.

Әскерден қашу, қорқақтық таныту – бұл жігіттің ішкі дүниесінің әлсіздігін көрсетеді. Сондықтан мен үшін ең бастысы – жігіттің жүрегінде батылдық пен намыс болса болғаны. Міндетті түрде әскери билет үшін емес, нағыз азаматтық қасиет үшін сыйлаймын, – дейді Жанбота Жүзбайқызы.

P.S: ***Әскер – ердің мектебі, ұлттың ұжданы. Онда ұлдар – жігіт, жігіттер азамат болады. Отан алдындағы борышты өтеу – өткенге тағзым, бүгінге қызмет, келешекке аманат. Патриотизм – тек әнұран шырқап, ту ұстау емес, ішкі рух, азаматтық парызға адалдық. Сондықтан әрбір жас елдің қорғаны болуға, әрбір ата-ана баласының ер болып өсуіне үлес қосуға тиіс.***

БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІН КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ

«Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ Астана қаласы әкімдігінің «№3 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК, Астана қаласы әкімдігінің «Көпсалалы медицина орталығы» ШЖҚ МКК, Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық фтизиопульмонологиялық орталығы» ШЖҚ МКК байқау кеңестері мүшелерін іріктеу бойынша конкурстың басталғаны туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары білімі, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінің болуын қамтиды:

1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;

2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Мынадай:

1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;

2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;

3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);

2) қазақ және орыс тілдеріндегі түйіндеме;

3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);

4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;

6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екенін растайтын құжаттар, сондай-ақ осы мемлекеттік кәсіпорынның лауазымды тұлғаларына қатысты үлесі туралы мәліметтер.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Қатысушы конкурстық өтінімнің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертте қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді және «_____ мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің конкурсы» және «_____ дейін ашуға болмайды» (конвертті ашу күні мен уақыты) деген сөздерді қамтуы тиіс.

Конкурсты өткізу орны – Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 413-кабинет, тел.: 557484, 556842.

Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) – 2025 ж. 1 қараша.

Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау)

– 2025 ж. 30 қараша.

ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ МЕ?

Дегенмен мәдениет пен өнер сияқты салмақты салаға қатысты мәселелердің жауабы тайға таңба басқандай көзге анық көрініп тұрмайды. Иә, киноға қаржы бөлініп не түрлі жобалар түсірілді. Тәубе дейміз. Киноның бәрі бірден керемет болып кетпейді. Кемшілік те баршылық. Жетістіктерін де көре білетін көз керек.

Аты әлемге әйгілі Мэл Гибсонның қанатты сөзі бар: «Жақсы кино адамға қалай әсер етеді? Көңілін көтере ме? Әлде сауатын аша ма? Бәлкім, рухани дамуына үлес қосатын болар? Жақсы кинода осының бәрі бар, экран алдына көрерменді жіпсіз байлайды. Әйтпесе кім уақытын зая қылғысы келеді?!».

Біздің пайымдауымызша, әр автордың нақты бір туындысын оның әлемді тануға деген талпынысы ретінде қарастырған өте тиімді. Мысалы, «Менің атым – Қожа» фильмінде Абдолла Қарсақбаев соғыстан кейінгі қоғамда пайда болған жаңа таптың – әкесіз өсіп келе жатқан балалардың өмірін зерттейді. Олардың үйде отырған «қой» дейтін қожасының жоғы мен сол жоқтықтың залалын тілге тиек етеді. Біз бұл фильмге аталған үш критерийді қолдансақ, фильмнің маңызы мен мәні айқындала түседі:

1. Фильм көрерменнің ыстық ықыласына ие болғаны сонша, әлі күнге дейін бұл фильмді көрмеген қазақ баласын табу қиынға соғады. Демек, фильм көрерменнің көңілін көтереді.

2. Фильм көрерменнің сауатын қалай ашады? Оқиға желісіне зер салып қарасақ, біз сол замандағы кеңестік идеологияның жас балалардың санасына қандай идеяларды құйып жатқанын, ұлттық педагогиканың үлгілерін, ұлттың жағдайы туралы тарихи шындықты көре аламыз.

3. Дәл осы фильмге келгенде әрқайсымыздың езу тартып, риза болатынымыз неліктен? Себебі «сотқар» атанған Қожаның бейнесінен өзіміздің шалалыққа толы балалық шағымызды көріп, фильм соңында болашақтағы ұлы мақсатына жайдары жүзімен қарап, мойнына жауапкершілікті өз еркімен алуға бел буған Қожаберген сияқты іштей өскеніміз есімізге түскеннен емес пе? Олай болса дүниеге келген әр фильмнің осындай мұраты бар деп түсінген жөн. Оның үстіне авторлардың өз туындыларына ерекше махаббатпен қарайтыны түсінікті, әйтпесе істі аяғына дейін жеткізе алмайтын еді.



Соңғы уақытта ұлттық киноның сапасына қатысты мемлекет тарапынан да, көрермен жағынан да көптеген сын-пікір айтылып жүр. Кино саласының мамандары да «Апыр-ай, осы қазақ киносына жетпей тұрған не нәрсе?» деп бас қатырып, тығырыққа тірелгендей болады. Кинотанушылар да киноға қатысты осы секілді күрделі сұрақтарға жауап іздеп әлек.

Әрине, бастапқы жылдарда комедия жанрында түсірілген фильмдер бізде қатты сынға ұшырады. Олай болатын реті де бар еді. Себебі отбасымен келген көрерменнің алдына ортақол дүниені ұсынып, нарықта табысты бірінші орынға қойған әуесқой авторлар аз болмады. Бірақ кейде солай болды екен деп, бүгіннің жетістіктерін жоққа шығару да жарамас. Қазіргі күні бұл жанрдың төңірегінде түсіріліп жатқан фильмдер қоғамдағы әділетсіздікпен күрес, ұлттық болмысты іздеу және т. с. с. күрделі тақырыптарды қамтуға бет бұрған. Оған дәлел – «7 раушан» фильмі. Мұнда авторлар көрерменмен әйел теңдігі туралы диалог құрып бастап, ақырында фильмді тағдырға мойынсұну жайлы экзистенциялық қиссаға айналдырып жібереді. Осылайша, қарапайым тірліктегі оқиғаға негізделген фильмнің формасы трансцендентті құндылықтарға жалғану арқылы түбегейлі өзгеріске ұшырайды. Одан басқа да мысалдар жетерлік. Жанрлардың аясы кеңейіп жатқаны қуантады. «Дәстүр» хоррор-фильмінде автор оқиға желісінің формасын идеяға бағындырып беріп, қоғамға салмақты ой тастады. Көрермен фильмнің мәніне кинотанушылардың деңгейінде терең бойлай алмаса да, ішкі түйсігімен сезіп тұр. Осыған қарап-ақ бұрынғы қалпында қатып қалған комедияның да, басқа жанрдың да жоғын байқаймыз. Керісінше, осындай сан алуандықтың арқасында қоғамда интеллектуалды өнердің дамып, сапалы дүниеге деген халық сұранысының артқанын көреміз. Соның ішінде киногерлердің ізденістері де өз жемісін беріп жатқаны рас. Әлбетте, мұндай сапалы фильмдердің санын арттыру – әрбір есті қазақтың көкейіндегі арман. Оған қол жеткізу үшін қайтпек керек? Бәрінен бұрын білім беру жүйесіне өзгеріс енгізу қажет. Ұстазымыз, кинотанушы Нәзира Рахманқызы біраз жыл бойы көтеріп келе жатқан мәселе бар: қырғыз елінің өнер университеттеріне түскен студенттерге «Манас» жырын оқытады. Ондағы есеп қандай? Өз тарихи мұрасынан сусындаған жастар өздерінің мәдени тамырына жалғанып, ата-бабасынан келе жатқан оқиғаны баяндау (storytelling) өнерінің қыр-сырын лезде меңгеріп алады. Нәтижесінде бүгін Қырғызстаннан шығып жатқан фильмдердің әлемдік деңгейдегі абыройы өте жоғары.

> Өкінішке қарай, отандық киноның сынға қалып жататын себептерінің бірі – кейбір туындылардағы анайы көріністер мен тұрпайы сөздердің қолданылуы. Әрине, мұндай көркемдік шешімдерді қабылдау – автор еркінде. Алайда олардың қажеттілігі көрінбей тұрған сәттерде мұндай таңдаудың себебі түсініксіз болып қалады

Біздің киногерлердің олжадан қағылып жүрген жері осы десем қате болмас. Себебі еуропалық киноны үлгі етіп алған авторларымыз ауық-ауық ұлттық болмысымызға тән өте жіңішке психологизмдерді бейнелеуге келгенде тұтығып, жалпы оқиғаны жөндеп баяндай алмай да қалып жатады. Ал бұл – өте ұятты жағдай. Өйткені Абдолла Қарсақбаевтың «Қилы кезеңін» ВГИК-те режиссураның биік шыңы ретінде көрсетіп, әр студентке қарауды парыз еткеннен кейін біздің осынша жаңылғанымыз – ақылға сыйымсыз осалдық. Себебі голливудтық, еуропалық штамптарға толы, соңын болжап білуге болатын фильмдердің көптігінен өзіндік үні бар картиналар әлемдік нарықта көзден тасаланып бара жатыр, сол үшін оларды аса қадірлейді.

Өкінішке қарай, отандық киноның сынға қалып жататын себептерінің бірі – кейбір туындылардағы анайы көріністер мен тұрпайы сөздердің қолданылуы. Әрине, мұндай көркемдік шешімдерді қабылдау – автор еркінде. Алайда олардың қажеттілігі көрінбей тұрған сәттерде мұндай таңдаудың себебі түсініксіз болып қалады. Өнер мен мәдениет – ұлттың жүрегі. Ал ұлттың жүрегіне ұялаған ауруды ешкім де, ешқашан да ұмытпайды. Ұмытпаса керек. Ұмытпаса керек деп ойлаймыз. Ұмытпаса керек деп ойлағымыз келеді. Ұмытпаса керек деп ойлағымыз келеді. Ұмытпаса керек деп ойлағымыз келеді

№129 (4873) 01/11/2025 Сенбі

ӘЛЕМ КӨЗ ТІККЕН КУБОК

Астанадағы Beeline Arena спорт кешенінде үстел теннисінен Президенттің бірінші ашық кубогі өтті. Ашылу салтанатына Премьер-министр Олжас Бектенов, Халықаралық үстел теннисі федерациясының (ITTF) бас хатшысы Рауль Калин, «Nomad Table Tennis Academy» үстел теннисі академиясының негізін қалаушы Медеу Нұрасыл қатысты.



Шапағат ӘБДІР

Турнирдің соңғы күні үстел теннисінің әлемдік жұлдыздарының қатысуымен өткен шоу-матчты Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі тамашалады. Сонымен қатар Мемлекет басшысы Олимпиада чемпионы Сюй Синь (ҚХР), әлем чемпионы және Олимпиада ойындарының жүлдегері Шлагер Вернер (Австрия), әлем чемпиондары Фан Бо (ҚХР) және Чу Се Хёк (Корей Республикасы) сияқты үстел теннисінің майталмандарымен әңгімелесті.

Жалпы жүлде қоры 115 000 долларды құраған турнирге 14 елден 300-ден астам спортшы қатысты. Олардың қатарында әлемдік рейтингтің топ-100 спортшысына енетін ойыншылар өнер көрсетті. Турнир U-11 – 2014 жылы туғандар және одан кіші, U-16 – 2009 жылы туғандар және одан кіші, Open 17+ – 2008 жылы туғандар және одан жоғары, team event – командалық сайыс сынды төрт жас санатында, жеке және командалық есепте өтті.

Ауқымды іс-шараны Туризм және спорт министрлігі, Астана қаласының әкімдігі, Қазақстан үстел теннисі федерациясының қолдауымен «Nomad» академиясы ұйымдастырды. «Aspan Holdings, VD Stroy Engineering» компаниялары демеушілік етті. Турнир бұрын-соңды болмаған жүлде қорымен тарихта қалды. Жеткіншек жеңімпаздардың өзі тұңғыш рет 5000 долларға, күміс жүлдегерлер 2500 долларға, қола жүлдегерлер 1500 долларға ие болды. Нақтырақ айтсақ, командалық біріншілікте бірінші орынды 15000 доллар жүлдемен Ресей құрамасы иеленді. Екінші орын және 7500 доллар сыйақы да Ресейдің тағы бір командасына бұйырды. Үшінші орындарды 4500 доллардан Иран құрамасы мен Корея құрамасы бөлісті. Әйелдер арасындағы жекелей сында (17+) бірінші орынды Ресей спортшысы Элизабет Абрамян жеңіп алды. Екінші орын Корея елінің өкілі Lee Daeun-ге бұйырса, үшінші орынды Гонконгтан келген Li Xiang пен Корея спортшысы Lee Seung Eun өзара бөлісті. Ал ерлер арасындағы жекелей сында (17+) тағы да Ресей спортшылары басым түсті. Жасөспірімдер санатында U-11 ұлдар арасында Шығыс Қазақстан облысының өкілі Рамазан Рауанұлы үздік шығып, бірінші орынды иеленді. Екінші орынды шымкенттік Заңғар Әбілқайыр, ал үшінші орынды Нұржан Бақдәулет (Шымкент) пен Расул Бекболат (Ақтөбе) алды. U-11 қыздар арасында Шымкенттен келген Шохина Миркодирова жеңімпаз атанды. Одан кейінгі орындарда Жансая Тіленгенова (Қарағанды), Томирис Темірқызы (Ақтөбе) және Назерке Болатбек (Түркістан) орналасты. U-16 ұлдар арасындағы сайыста Әліби Шоманов (ШҚО) топ жарды. Асылхан Мағзұмбеков (Қарағанды) екінші орын алса, Санжар Ибахан (Түркістан) мен Мансұр Сүйіндік (Павлодар) үшінші орынға тұрақтады.

U-16 қыздар бәсекесінде Мария Лукьянова (Қарағанды) бірінші орынды иеленді. Күміс жүлде Ақниет Амангелдіге, ал қола жүлде Ноила Ханиязоваға (Түркістан) бұйырды.

«ТОҚЫРАУЫН ТОЛҚЫНДАРЫ»: ЖАРТЫ ҒАСЫРЛЫҚ ӨНЕР ЖОЛЫ

Жастар сарайында Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Астана қаласы Мәдениет басқармасының қолдауымен «Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблінің 50 жылдық мерейтойына арналған дөңгелек үстел отырысы мен салтанатты концерт өтті. Өнер ұжымы тарихынан сыр шертетін көрме ұйымдастырылды.



Фото: Игорь Бургандинов

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Дөңгелек үстел отырысы барысында ансамбль тарихы тарқатылып, естеліктер айтылды. Ұжымның мерейтойына орай кітап шыққаны хабарланды. Алаштың кіші отанындай Ақтоғай топырағында құрылған ансамбль жарты ғасырлық тарихында Қазақстан мен шетел сахналарында өнер көрсетіп, ұлттық мәдениеттің жаршысы ретінде танылды. Қазір де өнер ұжымы қазақтың дәстүрлі музыка өнерінің дамуына зор үлес қосып келе жатыр. «Тоқырауын толқындарынан» түлеп ұшқан түлектердің бір тобы бүгіндері белгілі бір өңірдің ғана емес, біртұтас ел мәдениетінің өрлеуіне атсалысуда. Атап айтқанда, кезінде Ақтоғайдан шыққан халық композиторы Шашубай Қошқарбайұлының бейнесін сомдаған Ерлан Дәкенов – қазір Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы. Жастар одағы сыйлығының лауреаты, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Нұрай Танабаев – Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның белді де белгілі әртісі. Бағдат Қожамбаев – «Астана Опера» театрындағы хор труппасының меңгерушісі.

Салтанатты концертте өнер ұжымының мерейтойына орай әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі ұлттық комиссия хатшысы Гауһар Нұрахметова осы комиссияның төрағасы, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтауын оқып берді. Парламент Мәжілісінің өкілі Талғат Мұсаев Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың, Астана қаласы Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Нұран Қамзин аталмыш басқарма басшысы Жаңабай Мейірманқұловтың жылы лебіздерін жеткізді.

Кеңес заманында ансамбль өнерпаздары бүкілодақтық, республикалық маңызды іс-шараларда өнер көрсетті. Соның ішінде 1980 жылғы Мәскеу Олимпиадасының ашылуына, 1988 жылы Украинада өткен Қазақстан әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне, 1995 жылы ЮНЕСКО көлемінде аталып өткен ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойына қатысты. Сол кездердегі Дариға Ақатаева, Қарлығаш Малыбаева, Шәмшия Төлеубаева секілді ансамбль мүшелері, бүгінгі ардагерлері концертке арнайы келді.

Кезінде елге белгілі мәдениет майталмандары «Тоқырауын толқындары» өнерінің өрістеуіне үлес қосты. 1977 жылы «Гүлдер» ансамблінің негізін қалаған эстрада жанрының тұңғыш режиссері Серік Елеусізов пен балетмейстер, Қаз КСР еңбек сіңірген әртісі Зәуірбек Райбаев арнайы шақырылып, жаңа бағдарлама дайындады. 1981 жылы белгілі өнер зерттеушісі Болат Сарыбаев ансамбльдің негізгі құрамынан фольклорлық аспаптар оркестрін құрып, бағдарламасын фольклор-этнография нұсқасына айналдырудың негізін қалап берді.

Бүгіндері өнер ұжымының бағдарламасын түзіп, өнерпаздар дайындығымен белгілі музыкант, композитор, Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының бас хормейстері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Амантай Жұмашев айналысып келе жатыр. Осы концертке де ол ансамбльді жарты жыл бойы дайындады.

Әсет Найманбайұлы, Шашубай Қошқарбайұлы, Күләш Байсейітова, Манарбек Ержанов, Мағауия Хамзин Ақтоғай топырағында туып, қазақ өнері көгіне самғады. Концертті ашқан «Дала дауысы» атты театрландырылған қойылым арқылы ақтоғайлықтардың ғана емес, біртұтас ұлт мақтаныштарының есімі жаңғырды. «Тоқырауын толқындарының» негізін өлкетанушы Тұңғышбай Мұқан, композитор Дәртай Сәдуақасов, т. б. азаматтар қалады. Дәртайдың «Ақтоғайым – алтын бесігім» әні (өлеңінің авторы – айтулы ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Абзал Бөкен) ауданның әнұранына айналып, міне, жарты ғасырдан астам уақыт ақтоғайлықтарды рухтандырып келеді. Ерекше атап өтерлігі, бұл – сол өңірге ғана емес, елге таралып кеткен туынды. Концерт барысында осы ән екі рет шырқалды.

Тоқырауын берді өнерге Күләшті,
Манарбек те кеңге салды құлашты.
Ал кешегі Әсет салған сұлу саз
Хамзиннің күйіне кеп ұласты.
Шырқады олар, ең биікке шырқады,
Жырға бөлеп орман, тауды, қырқаны.
Солар салған әсем әнді бүгінде
Жалғастырып келе жатыр ұрпағы,

– деп көрнекті ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Серік Ақсұңқарұлы жырлағандай, ансамбльдің бүгінгі құрамы жиналғандардың жан сарайын ашып, құлақ құрышын қандырды. Сымбат Қожамбаева, Сәттар Сәрсенқұлов, Нұржан Құлымжанов, Дана Мақшонова, Бұлбұл Мақшонова, Назерке Шапибай, Саламат Мұбарак, Берік Мақшонов, Қуаныш пен Гүлзар дуэті, т. б. өнерпаздар халық әндері мен халық композиторларының туындыларынан бастап танымал шығармаларды шырқады. Күй күмбірлеп, мың бұралған би биленді. Нұрлан Күлшікеновтің өлеңіне жазылған Амантай Жұмашевтің «Толқи бер, Тоқырауын» әнінің тұсауы кесілді. Осы авторлардың «Ән мекені – Ақтоғай» және «Қызыларай – құт мекен» әндері шарықтады. Концертті түйіндеген Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Аманжолов жиналғандарға алғыс айтып, «Тоқырауын толқындары» ансамбліне жергілікті билік тарапынан қолдау жалғаса беретінін жеткізді.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №129

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ